

Қарасу ауданында халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың қосымша тізбесін анықтау туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Қарасу ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 23 қаңтардағы № 10 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 14 ақпанда № 4011 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарасу ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 1 қазандағы № 197 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарасу ауданы әкімдігінің 01.10.2013 № 197 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабының 1-тармағының 13) тармақшасына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 5-бабының 2-тармағына сәйкес Қарасу ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес Қарасу ауданында халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың қосымша тізбесі анықталсын.

2. "Қарасу ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғаларды жұмыспен қамтуға жәрдемдесу бойынша шараларды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қарасу ауданы әкімінің орынбасары Е.З. Балжақиевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А. Нұрғазин

Ә к і м д і к т і н

2013 жылғы

23

қаңтардағы

№ 10 қаулысына қосымша

Қарасу ауданында халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың қосымша тізбесі

1. Жиырма бір жастан жиырма тоғыз жасқа дейінгі жастар.
2. Елу жастан асқан жұмыссыз тұлғалар.
3. Үш ай және одан көп ай жұмыс істемеген жұмыссыз тұлғалар.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ